24125271865

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 2 шілде №4360-26-00-2/1225 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
Г. Таженованың хатшылығымен,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Садвакасова» атауымен әрекет етуші Гульфира Ерлановна Садвакасова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
талап қоюшының өкілі И. Калжанова
жауапкер Г. Садвакасова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2026 жылдың 2 сәуірде талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкердің (Өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 7 051 46 теңгеге құрайтын №961140000212/260315/00 Шарт (бұдан әрі-Шарт) жасалған.

Шарттың 3.1-тармағының 11-тармақшасына сәйкес 16 (он алты) күнтізбелік күн ішінде өтінім негізінде тауарды жеткізу және құру жүзеге асырылады. Өтінім (пошта, факс, электронды веб портал, электрондық пошта, WhatsApp- хабарламасы, телефон байланысы) секілді байланыс құралдары арқылы жіберіледі. Жұмысты орындау мерзімі басталуы Тапсырысберушінің өтінімін жолдау сәтінен есептеледі.

Тапсырыс беруші жауапкерге мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы 2026 жылғы 3 сәуірде тапсырыс хатты жолдаған. Яғни, жоғарыдағы аталған тауарын жауапкер талап қоюшыға Шарт бойынша

2026 жылғы 18 сәуірде талап қоюшының қоймасына жеткізіп беруге тиіс болған.

Алайда жауапкер Шарт бойынша тиісті міндеттемесін орындамай, тауарды ішінара кеш жеткізген.

Талап қоюшы сотқа талабымен жүгініп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер сотқа өтінішхат жолдап, онда Шарт бойынша 19-дан 17 жеткізгенін, қалған 2 тауар Қазақстан Республикасында өндірілмейді және қоймаларда дайын түрде қолжетімді емес, аталған тауарлар тек Ресей Федерациясының Чебоксары қаласында арнайы тапсырыспен өндірілетінін, конкурс барысында бұл тауарлардың бағасы 56 000 теңге мөлшерінде көрсетілгенін, алайда өндіруші зауыттың мәліметіне сәйкес, аталған тауардың нақты құны жеткізу шығындарын есептемегенін өзінде шамамен 163 000 теңгені құрайтынын, белгіленген баға тауардың нарықтық құнына сәйкес келмейтінін, осыған байланысты шартта көрсетілген баға бойынша тауарды сатып алу және жеткізу экономикалық тұрғыдан мүмкін болмағанын, қазіргі таңда Ресей Федерациясының Чебоксары қаласындағы бірқатар банктерге қатысты халықаралық шектеулер мен санкциялар қолданылуына байланысты төлем жасау және тауарды өндіріске қою рәсімдері қосымша қиындықтар туғызуда, өндіруші зауыттың хабарлауынша, тауар өндірісі алдын ала төлем жасалғаннан кейін ғана басталады және өндіріс мерзімі 55–70 күнді құрайтынын, жеткізу мерзімі бұған кірмейтінін, тапсырыс берушімен мәселені бейбіт жолмен шешуге тырысып, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тараптардың өзара келісімі негізінде шартты бұзу туралы ұсынысты жолдағанын, Шарт міндеттемелерін орындаудан жалтару немесе тапсырыс берушіге зиян келтіру ниеті болмағанын, өз міндеттемелерін адал орындағандығын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қою уәждерін қуаттап, қанағаттандыруды сұрады, себебі Шарт бойынша Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес өз міндеттемесін тиісінше орындамай жеткізбеген.

Жауапкер талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі-АПК) 272, 273-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 04.07.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.08.2026, судья Жусупов Т. К., 06.08.2026

4360-26-3-6/135

АК-нің 386-бабының 1-тармағына сәйкес шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағының 4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот, тараптардың түсінігін тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерттеп, дауды шешу үшін маңызды мән-жайларды анықтап, келесі қорытындыға келеді.

Іс құжаттарынан анықталғандай, жауапкер Шарт бойынша 4 дана микропроцессорлық реле, 17 дана электромагниттік реле, 3 дана үздіксіз қоректеу көзі, 11 дана ауыстырып-қосқыш, 74 дана батарея, 24 дана электромагниттік реле, 14 дана қуат рельсі, 12 дана аралық реле тауарларын, барлық жалпы сомасы 7 051 460 теңгеге 16 күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес, яғни 2026 жылғы 18 сәуірде жеткізуге тиіс еді.

Жауапкер 2026 жылғы 11 маусымда талап қоюшыға 5 786 960 теңгеге және 2026 жылғы 16 маусымда 252 000 теңгеге, барлығы 6 038 960 теңгеге тауарды кешігіп жеткізген. Қалған 1 012 500 теңгеге тауарын бүгінгі күнге жеткізбеген.

Бұл істегі Шартпен және оның қосымшаларымен, мемлекеттік сатып алу туралы веб портал арқылы хаттарымен, қабылдау туралы актілерімен т.б. құжаттармен дәлелденеді.

Жауапкер АК-нің 10-бабында көрсетілгендей кәсіпкерлік тәуекелге барып, талап қоюшымен шарт жасасқан.

Жауапкер Шарт бойынша қалған жеткізілмеген тауарларын жеткізу экономикалық тұрғыдан мүмкін болмағандығы, себебі Ресей Федерациясының Чебоксары қаласындағы бірқатар банктерге қатысты халықаралық шектеулер мен санкциялар қолданылуына байланысты төлем жасау және тауарды өндіріске қою рәсімдері қосымша қиындықтар орын

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 04.07.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.08.2026, судья Жусупов Т. К., 06.08.2026

алуына байланысты Шарт бойынша міндеттемелер тиісінше орындалмаған деген уәжі негізсіз.

Жоғарыдағыларға байланысты жауапкер шарт бойынша өз міндеттемесін орындамаған жағдайда оған қатысты Заңда көзделген жауаптылық туындайды.

Өз кезегінде жауапкердің міндеттемесі шарт бойынша орындамауы оның кәсіпкерлік тәуекелі болып табылады.

Сондықтан осы келтірілгендер негізінде сот жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған фактісін анықтай отырып, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған талабы заңды және негізді болғандықтан қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 2 163 теңге мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер дара кәсіпкер «Садвакасова» атауымен әрекет етуші Гульфира Ерлановна Садвакасоваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Садвакасова» атауымен әрекет етуші Гульфира Ерлановна Садвакасова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Садвакасова» атауымен әрекет етуші Гульфира Ерлановна Садвакасовадан мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья С. Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 04.07.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.08.2026, судья Жусупов Т. К., 06.08.2026

4360-26-3-6/135

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 04.07.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.08.2026, судья Жусупов Т. К., 06.08.2026

4360-26-3-6/135